

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 756 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы

1-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 2 684 730 759 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 2 209 284 565 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 43 537 228 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 8 726 192 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша - 423 182 774 мың теңге;
- 2) шығындар - 2 608 432 180 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - 76 298 579 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік кредит беру - 53 135 180 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 59 085 252 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 5 950 072 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 220 739 499 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 222 239 499 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 1 500 000 мың теңге;
- 6) тапшылық - -197 576 100 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің - 1,3 проценті;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 197 576 100 мың теңге.

2-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте "Байқоңыр" кешені 13 972 500 мың теңге сомасында және әскери полигондар 3 011 499 мың теңге сомасында Ресей Федерациясы пайдаланғаны үшін жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2008 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Роялти" коды бойынша - жер қойнауын пайдаланушылардың Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы молықтыру қоры алдындағы берешегі, сондай-ақ келісім-шарттық аумақтарды геологиялық зерттеуден мемлекет шеккен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың негізінде осы кен орындарын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін тарихи шығындар сомасы;

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және салық режимі тұрақтылығының кепілдігі көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген аударымдардың сомасына азайтады;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын а л ы м б о й ы н ш а б е р е ш е к ;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша берешек.

5-бап. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 3 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың көлемдері 81 752 134 мың теңге сомасында көзделсін, оның і ш і н д е :

Атырау облысының бюджетінен - 15 467 703 мың теңге;

Маңғыстау облысының бюджетінен - 4 249 313 мың теңге;

Алматы қаласының бюджетінен - 52 400 834 мың теңге;

Астана қаласының бюджетінен - 9 634 284 мың теңге.

7-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының

Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттің мөлшері 341 430 640 мың теңге
с о м а с ы н д а к ө з д е л с і н .

8-бап. 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 10 435 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері - 4 050 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері - 7 888 теңге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1 168 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 10 125 теңге болып белгіленсін.

9-бап. 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ өртке қарсы қызмет органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының жедел-іздістіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер көрсету шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 430 теңге сомасында белгіленсін.

10-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдері 449 066 155 мың теңге сомасында к ө з д е л с і н , о н ы ң і ш і н д е :

- Ақмола облысының бюджетіне - 31 498 056 мың теңге;
- Ақтөбе облысының бюджетіне - 15 722 690 мың теңге;
- Алматы облысының бюджетіне - 48 921 656 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне - 46 936 313 мың теңге;
- Жамбыл облысының бюджетіне - 44 196 691 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысының бюджетіне - 20 212 610 мың теңге;
- Қарағанды облысының бюджетіне - 35 715 079 мың теңге;
- Қостанай облысының бюджетіне - 33 661 004 мың теңге;
- Қызылорда облысының бюджетіне - 36 160 661 мың теңге;
- Павлодар облысының бюджетіне - 14 677 917 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 31 031 953 мың теңге;
- Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 90 331 525 мың теңге.

11-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай мөлшерлерде ағымдағы нысаналы трансферттер к ө з д е л г е н і е с к е р і л с і н :

жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға - 334 626 мың теңге

;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 3 834 034 мың теңге;

қайта енгізілген әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін ұстауға - 51 246 мың теңге;

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға - 8 496 383 мың теңге;

ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 1 228 934 мың теңге.

Аталған сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

12-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге 11 908 331 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Аталған сомаларды облыстық бюджеттерге бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

13-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен, радиациялық қауіпті аймақтарда және жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрып жатқан және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларға, сондай-ақ жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін халыққа біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуге 4 935 690 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Аталған қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бөлінеді деп белгіленсін.

14-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға 21 747 462 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға - 1 134 415 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға - 1 853 895 мың теңге;

өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар материалдар мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басымдықты дақылдар бойынша - 12 805 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 775 036 мың теңге;

жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге - 1 185 756 мың теңге;

мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға - 3
7 3 9 6 5 6 м ы ң т е ң г е ;

қазақстандық талшықты мақтаның сапасын сараптауға - 253 704 мың теңге.

Аталған сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

15-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 11 459 924 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

бастапқы, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 2 457 650
м ы ң т е ң г е ;

бастапқы, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға - 2 676 454 мың теңге;

бастапқы, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивті оқыту жүйесін енгізуге - 6 325 820 мың теңге.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлуді және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

16-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 17 719 606 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

жергілікті деңгейде қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға -
1 2 0 0 2 1 9 м ы ң т е ң г е ;

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 16 519 387 мың теңге.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлуді және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

17-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Алматы облысының бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне білім беру және денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық жағынан күшейту үшін 3 437 369 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін.

2008 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен сейсмикалық жағынан күшейтілуге тиіс Алматы облысы мен Алматы қаласындағы білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

18-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының

ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға 47 554 442 мың теңге сомасында шығындар, оның ішінде:

ауылдық (селолық) жерлердің денсаулық сақтау ісінде ұтқыр және телемедицинаны дамытуға - 629 689 мың теңге;
мыналарға нысаналы даму трансферттері:

ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға - 13 766 592 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлердің білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға - 18 133 909 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлердің денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға - 15 024 252 мың теңге көзделсін.

Аталған нысаналы даму трансферттері қаражатының есебінен 2008 жылы салынуға және қайта жаңартылуға тиіс ауылдық (селолық) жерлердің білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен жабдықтау объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

19-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне қалаларда білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерін салуға және қайта жаңартуға 44 998 160 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін.

2008 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен салынуға және қайта жаңартылуға тиіс қалалардағы білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

20-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде денсаулық сақтау объектілерін салу үшін аванс төлемін төлеуге 17 410 176 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде салынатын денсаулық сақтау объектілерінің тізбесі мен сомаларын бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

21-бап. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдауға арналған шығыстарының құрамында 1 292 201 мың теңге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын тәртіппен мыналарға байланысты іс-шараларды қаржыландыруға:

ауыл шаруашылығы техникасының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге - 118 646 мың теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына арналған жабдықтардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге - 3 555 мың теңге;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдауға - 100 000 мың теңге;
ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялауға - 1 000 000 мың теңге;
ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін дамытуды субсидиялауға - 70 000 мың теңге көзделсін.

22-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылға арналған резерві 55 337 035 мың теңге сомасында бекітілсін.

23-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасында 2008 - 2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне: мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына 7 300 000 мың теңге ;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға 41 700 000 мың теңге сомасында даму нысаналы трансферттері көзделсін.

Аталған нысаналы даму трансферттерін бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

24-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында 2008 - 2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша тұрғын үй салуға кредит беруге 31 200 000 мың теңге көзделсін.

25-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте тұрғын үй құрылысы жинақ ақшаларына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақыларын төлеуге 716 200 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

26-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте "Тұрғынүйқұрылысбанкi" жабық акционерлік қоғамы арқылы алынған жеңілдікті тұрғын үй кредиттері қарыз алушыларының 2007 жылғы төлемдері бойынша бағамдық айырманы төлеуге 49 516 мың теңге көзделсін.

27-бап. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға арналған шығындарының құрамында 4 552 079 мың теңге сомасында, оның ішінде республикалық бюджеттік кірістерінде жаңарту тәртібімен шығарылған материалдық құндылықтарды сатудан түскен қаражатты көрсете отырып 2 260 782 мың теңге сомада қаражат көзделгені ескерілсін.

28-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте: концессияға берілуі мүмкін объектілер бойынша ұсыныстарды сараптауға - 72 000 мың теңге ;

концессиялық жобаларды бағалауға және сараптауға - 900 000 мың теңге сомасында
қ а р а ж а т к Ө з д е л с і н .

Аталған сомаларды бөлу Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде
а й қ ы н д а л а д ы .

29-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2008 жылғы 1 қаңтардағы
жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің
мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен
қаражат бойынша талаптары, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды
тұлғалардың тізбесі мен берешек көлемдері бойынша 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап
т о қ т а т ы л а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

30-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген
қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 3 117 923 мың теңге көзделсін.

31-бап. 2008 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру
лимиті 15 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

32-бап. 2008 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 1 005 000 000 мың
теңге мөлшерінде белгіленсін.

33-бап. 2008 жылға арналған мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 35 000 000 мың
теңге көлемінде белгіленсін.

34-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджеттің бюджеттік даму
бағдарламаларының тізбесі бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды)
іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе
ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөліне отырып, 3-қосымшаға сәйкес
б е к і т і л с і н .

35-бап. 2008 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде
секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-
қ о с ы м ш а ға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2008 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 5-қосымшаға
сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

36-бап. Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

"2008 жылға арналған
республикалық бюджет туралы"
Қазақстан Республикасының
2007 жылғы N___ Заңына

1-ҚОСЫМША

2008 жылға арналған республикалық бюджет _____

С а н а т ы

А т а у ы

С о м а с ы ,

1	2	3
	I. Кірістер	268473759
1	Салықтық түсімдер	2209284565
01	Табыс салығы	1013578900
1	Корпорациялық табыс салығы	1013578900
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	967089078
1	Қосылған құн салығы	883048712
2	Акциздер	29096665
3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	52927835
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2015866
06	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	217423245
1	Кеден төлемдері	198935603
2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	18487642
07	Басқа да салықтар	10000
1	Басқа да салықтар	10000
08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	11183342
1	Мемлекеттік баж	11183342
2	Салықтық емес түсімдер	43537228
01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	32620160
1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1046452
3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	4876969
4	Мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	11416
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	19710986

6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер)	484873
7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	1141760
9	Мемлекеттік меншіктен түсетін өзге де кірістер	5347704
02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1965738
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1965738
03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	38160
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	38160
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеттен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1469861
1	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеттен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1469861
05	Гранттар	1194822
2	Қаржылық көмек	1194822
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	6248487
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	6248487
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8726192

01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257028
1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257028
02	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар с а т у	8 4 6 9 1 6 4
1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар с а т у	8 4 6 9 1 6 4
4	Трансферттердің түсімдері	423182774
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	81752134
1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер	81752134
04	Ұлттық қордан трансферттер	341430640
1	Күрделі нысаналы трансферттер	341430640

Функционалдық топ	Атауы	Сомасы, мың теңге
Әкімші		Б а ғ д а р л а м а
1	2	3

	II. Шығындар	2608432180
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	133338530
101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	1726296
001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету	1473982
002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	103309
003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	149005
102	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы	7598507
001	Қазақстан Республикасы Парламентінің	

	қызметін қамтамасыз ету	7446564
002	Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру	151943
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	1600489
	001 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету	1600489
106	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	71301
	001 Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету	40301
	118 Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	31000
201	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	7749
	002 Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	7749
204	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	21827672
	001 Сыртқы саяси қызметті қамтамасыз ету	14420802
	002 Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу	1511422
	003 Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау	185198
005	Шетелдік іссапарлар	1490296
	008 Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	39455
	009 Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	3708854
010	Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және саудалаудың құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету	11645
	012 Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығының штаб-пәтерін	

	с а л у	4 6 0 0 0 0
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	46048614
001	Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету	34468810
002	Инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	16500
003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	131938
007	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	447766
014	Кеден қызметін жаңғырту	677142
016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байланысты дауларды реттеу, кредиттер және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебінен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау	715100
017	"Министрліктер үйі" ғимаратын күтіп-ұстау және сақтандыру	1232520
019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	49516
024	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	716200
026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	2508059
038	Қазынашылық объектілерін дамыту	279830
040	Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту	884661
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	33965
112	Электрондық үкімет құру	3836607
118	Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	5 0 0 0 0
220	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	8752069
001	Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның жұмысын қамтамасыз ету	997631
003	Мемлекеттік жоспарлау саласында ақпараттық	186010

ж ү й е н і ж а ң ғ ы р т у

005	Жұмылдыру дайындығы	27192
006	Концессиялық жобаларды бағалау және сараптау	972000
010	Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтингілік агенттіктерімен өзара і с - қ и м ы л ж а с а у	24786
011	Экономика және ұлттық қауіпсіздік саласындағы з е р т т е у л е р	1494450
021	Нәтижелерге жеткен үшін пилоттық мемлекеттік органдардың қызметтерін көтермелеу	5000000
112	Электрондық үкімет құру	50000
225	<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</i>	<i>11695902</i>
005	Ғылыми объектілерді салу және реконструкциялау	1037070
007	Мемлекеттік сыйлықақылар және стипендиялар	71031
055	Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер	10587801
406	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті</i>	<i>364262</i>
001	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қ а м т а м а с ы з е т у</i>	<i>313639</i>
002	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ақпараттық деректер б а з а с ы н д а м ы т у</i>	<i>50623</i>
600	<i>Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі</i>	<i>543411</i>
001	<i>Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қ а м т а м а с ы з е т у</i>	<i>543411</i>
603	<i>Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі</i>	<i>5701762</i>
001	<i>Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету</i>	<i>590925</i>
010	<i>Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету</i>	<i>2866766</i>
112	Электрондық үкімет құру	2244071
606	<i>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі</i>	<i>7380437</i>
001	<i>Статистика саласындағы уәкілетті органның</i>	<i>3435301</i>

		қызметін қамтамасыз ету	
002	Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату		1036854
003	Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық		217876
		жүйесін құру	
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы		41377
		ғылыми зерттеулер	
006	Ұлттық санақ өткізу		2634189
116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды		14840
		дамыту	
608	<i>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет</i>		<i>958792</i>
		<i>істері агенттігі</i>	
001	Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті		397054
		органның қызметін қамтамасыз ету	
002	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын		86111
		ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің	
		жұмыс істеуі	
003	Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет		6420
		саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	
006	Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде		231161
		біліктілігін арттыру	
008	Мемлекеттік қызметшілерін компьютерлік		238046
		сауаттылыққа оқытуға облыстық бюджеттерге,	
		Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне	
		берілетін нысаналы даму трансферттері	
637	<i>Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі</i>		<i>183178</i>
001	Қазақстан Республикасы Конституциялық		183178
		Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету	
690	<i>Қазақстан Республикасы Орталық сайлау</i>		<i>842265</i>
		<i>комиссиясы</i>	
001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру		842265
694	<i>Қазақстан Республикасы Президентінің Іс</i>		<i>18035824</i>
		<i>басқармасы</i>	
001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және		15575830
		мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды	
		адамдарының қызметін қамтамасыз ету	
009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін		629477
		жарату	
014	"Министрліктер үйі" әкімшілік ғимаратын		1830517
		ұстау	

02	Қорғаныс	200314219
202	<i>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар</i> <i>министрлігі</i>	27560587
001	Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	5184692
002	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру	17658209
003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу мен реконструкциялау	4593942
004	Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу	10399
007	Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау	11145
009	Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	102200
208	<i>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</i>	170144267
001	Қарулы Күштердің жеке құрамын, қару-жарақта- рын, әскери және өзге де техникаларын, жабдық- тарын, жануарларын және инфрақұрылымын ұстау	68820509
002	Қарулы Күштер қызметінің негізгі түрлерін қамтамасыз ету	13957954
003	Қарулы Күштердің ақпараттық жүйелерін құру	949400
004	Қарулы Күштердің инфрақұрылымын дамыту	5571950
006	Қару-жарақ, әскери және өзге де техниканы, байланыс жүйелерін жаңғырту, қалпына келтіру және сатып алу	77924917
016	Қарулы Күштерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету	2715217
116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	204320
678	<i>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</i>	2609365
001	Қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және салтанатты әдет- ғұрыптарды орындауға қатысу	2251401
002	Республикалық ұлан объектілерін салу	257964

	005	Әскери қызметшілерді тұрғын үймен	100000
		қ а м т а м а с ы з е т у	
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық,	225283873
		сот, қылмыстық-атқару қызметі	
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің	505754
		К е ң с е с і	
	002	Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті	91600
		ұйымдастыру және қамтамасыз ету	
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыс-	414154
		п е н қ а м т а м а с ы з е т у	
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер	63173394
		м и н и с т р л і г і	
	001	Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті	53265569
		қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті	
		қ а м т а м а с ы з е т у	
	003	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың	242315
		құқықтары мен бостандықтарын қорғауды	
		қ а м т а м а с ы з е т у	
	004	Арнайы және әскери тасымалдар	140442
	006	Ақпараттық жүйені дамыту	287536
	007	Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін	2009156
		с а л у , р е к о н с т р у к ц и я л а у	
	008	Мәліметтер берудің спутниктік желісімен	254161
		телефонияны жаңғырту және дамыту	
	009	3-мемлекеттік жоба	806436
	016	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын	4426023
		мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды	
		және нөмір белгілерін дайындау	
	017	Қазақстан Республикасы Ішкі істер	701618
		министрлігінің ішкі әскерлері әскери	
		бөлімдерінің жауынгерлік дайындығын арттыру	
	025	Қару-жарақтарды, оқ дәрілерді және жарылғыш	135000
		заттарды ерікті түрде ақылы беруге ынталандыру	
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	184036
	110	Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің	721102
		басқа да көріністеріне қарсы күрес	
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	39509300
	001	Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету	7959987
	002	Сот сараптамаларын жүргізу	2142846

003	Сотталғандарды ұстау	14258827
004	Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу және реконструкциялау	3705420
005	Сотта адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	100000
010	Халыққа "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін орталықтардың қызметін қамтамасыз ету	6661019
011	Түзету мекемелерінде ЖҚТБ індетіне қарсы іс - қимыл	3255
012	Тергеу-қамауға алынған адамдарды ұстау	3648026
013	Тергеу изоляторларында ЖҚТБ індетіне қарсы іс - қимыл	1070
014	Дін мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу және сараптамалық орталық құру	53495
015	Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен жеке куәліктерін дайындау	866913
019	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	17148
020	Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	88614
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	2680
410	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	82591279
001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	72346497
002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	10244782
501	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	18404426
001	Сот жүйесі органдарының қызметін қамтамасыз ету	15932954
002	Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	42240
003	Сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	18269
004	Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	709033
005	Жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау, сақтау және сату	88171
006	Сот жүйесі органдарының объектілерін дамыту	1613759
502	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	11767502
001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға	11346183

	бағынысты актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	
002	Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл	1464
003	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру	419855
618	<i>Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)</i>	6278798
001	Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	5861590
002	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	214340
003	Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	198568
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	4300
678	<i>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</i>	56200
110	<i>Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің басқа да көріністеріне қарсы күрес</i>	56200
680	<i>Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі</i>	2997220
001	Мемлекеттер басшылары мен жекелеген лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2997220
04	<i>Білім беру</i>	170344808
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігі	3344172
011	Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	130969
012	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	2498044
013	Білім беру объектілерін салу және қайта реконструкциялау	179723
015	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	535436
202	<i>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі</i>	339285
006	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	339285

205	<i>Қазақстан Республикасы Туризм және спорт</i>	1628701
	<i>министрлігі</i>	
002	Спорт жөніндегі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	15000
003	Спортта дарындылық көрсеткен балаларды оқыту және тәрбиелеу	1213010
010	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	400691
206	<i>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат</i>	18526
	<i>министрлігі</i>	
020	Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	18526
208	<i>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</i>	6476261
005	Білім берудің мамандандырылған ұйымдарында жалпы білім беру	284430
011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	5636940
017	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	554891
212	<i>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы</i>	207490
	<i>министрлігі</i>	
007	Ауыл шаруашылық саласындағы білім беру объектілерін дамыту	207490
220	<i>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі</i>	163772
042	Экономика саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру	163772
221	<i>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі</i>	643749
016	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	390954
017	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	52006
030	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	200789
225	<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым</i>	148199991
	<i>министрлігі</i>	
001	Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	1659100
004	Инновациялық жүйенің желілерін дамыту	716613
008	Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-	289717

әдістемелік кешендерді әзірлеу және байқаудан өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және

ж е т к і з у

- | | | |
|-----|---|----------|
| 009 | Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу | 1587758 |
| 010 | Республикалық мектеп олимпиадаларын,
конкурстарды, республикалық маңызы бар
мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 369140 |
| 011 | Білім беру және ғылым объектілерін салу және
р е к о н с т р у к ц и я л а у | 22099203 |
| 012 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы
қалаларының бюджеттеріне білім беру
объектілерін салуға және реконструкциялауға
берілетін нысаналы даму трансферттері | 44820225 |
| 014 | Білім беру саласындағы қолданбалы ғылыми
з е р т т е у л е р | 148831 |
| 017 | Мәдениет пен өнер саласында үзіліссіз оқуды
қ а м т а м а с ы з е т у | 1708108 |
| 020 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
кәсіптік білімі бар мамандар даярлау | 51867101 |
| 023 | Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының
біліктілігін арттыру және қайта даярлау | 139053 |
| 025 | Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету
және білім беру қызметтерінің сапасын талдау | 676796 |
| 029 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы
қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға
берілетін білім беру объектілерін ұстауға
берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 3834034 |
| 031 | Алматы облысының облыстық бюджетіне және
Алматы қаласының бюджетіне білім беру
объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту
үшін берілетін нысаналы даму трансферттері | 2337369 |
| 045 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы
қалаларының бюджеттеріне электрондық
үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға
берілетін нысаналы даму трансферттері | 2359121 |
| 048 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы
қалаларының бюджеттеріне бастапқы, негізгі | 2457650 |

	орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	
050	Сенім артқан агенттер қызметіне ақы төлеу	64060
056	Білім беру сапасын қамтамасыз ету	770003
058	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2676454
059	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	943855
076	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру саласында мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6325820
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	7493
116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	322487
118	Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	20000
226	<i>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі</i>	8207918
003	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	6904128
014	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	1016051
043	Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	287739
233	<i>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі</i>	10828
023	Техникалық реттеу саласында мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	10828
608	<i>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі</i>	771192
004	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	771192

618	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қ а р ж ы п о л и ц и я с ы)	321962
004	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	321962
678	Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы	2471
004	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	2471
694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс б а с қ а р м а с ы	8490
011	Дәрігерлерді шетелдерде қайта даярлау және м а м а н д а н д ы р у	8490
05	Денсаулық сақтау	144446736
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер м и н и с т р л і г і	1385961
014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін е м д е у	1385961
208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	2035154
012	Әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін е м д е у	2035154
225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым м и н и с т р л і г і	253872
019	Балаларды оңалту	253872
226	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау м и н и с т р л і г і	138447521
001	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	1774338
004	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жүйенің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту	18930856
005	Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы да м у т р а н с ф е р т т е р і	53295535
006	Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы	2393277
007	Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын ө н д і р у	562019
008	Арнайы медицина резервін сақтау	18846
009	Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы	1799439

Ғ ы л ы м и з е р т т е у л е р

010	Жоғары мамандандырылған медициналық көмек	12241403
		к ө р с е т у
011	Туберкулезбен ауыратындарға мамандандырылған және санаторий-сауықтыру медициналық көмек	1040190
		к ө р с е т у
012	Ана мен баланы қорғау	5559325
016	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	6008593
017	Сот-медицина сараптамасы	1347043
018	Денсаулық сақтау саласында тарихи мұра құндылықтарын сақтау	8272
019	Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру	1342375
023	Ауылдық (селолық) жерлердегі денсаулық сақтауда ұтқыр және телемедицинаны дамыту	629689
027	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	334626
028	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8496383
032	Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	1100000
038	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	16519387
041	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде қан орталығын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1200219
046	Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру	3810706
116	Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды	5000

		д а м ы т у	
118	Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін		30000
		а р т т ы р у	
678	Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы		70557
003	Әскери қызметшілерді және олардың отбасы		70557
		м ү ш е л е р і н е м д е у	
694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс		2253671
		б а с қ а р м а с ы	
003	Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы		90877
004	Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық		2123395
		к ө м е к к ө р с е т у	
005	Медициналық ұйымдарды техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету		39399
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		537340517
213	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі		537340517
001	Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету		1817253
002	Зейнетақы бағдарламасы		350066435
003	Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар		76751281
004	Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар		42135859
005	Жерлеуге берілетін жәрдемақы		2066969
007	Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар		27102833
008	Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге төленетін біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы		4935690
010	Ақталған азаматтарға-жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы		70545
012	Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер		65618
013	Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз ету		9023849
014	Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету		66226

016	Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, сот мемлекетке жүктеген, адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу	500000
017	Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар	6366502
018	Қайта енгізілген әлеуметтік қамсыздандыру объектілерді ұстауға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	51246
019	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	3881560
023	Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсетуді әдіснамалық қамтамасыз ету	21448
027	Оралмандарды тарихи отанына қоныстандыру және әлеуметтік қорғау	12176203
118	Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	241000
07	<i>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</i>	<i>87100003</i>
231	<i>Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі</i>	<i>988857</i>
021	<i>Ақтөбе облысының облыстық бюджетіне Мәртөк ауданында жеткізуші газ құбырын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері</i>	<i>988857</i>
233	<i>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі</i>	<i>86111146</i>
004	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	41700000
012	<i>Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласындағы әскери қызметшілер үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер</i>	<i>131599</i>
024	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	13382968

	025	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	7300000
	028	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	12458261
	029	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді көркейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері	11138318
08		<i>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</i>	82714652
101		<i>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі</i>	73546
	004	Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау	73546
205		<i>Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі</i>	34676134
	001	Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	423677
	005	Спорт объектілерін салу және реконструкциялау	22924899
	006	Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау	87596
	007	Спорт саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	42800
	008	Мемлекеттік сыйлықақылар	190
	009	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	6034666
	011	Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру	528732
	012	Жоғары жетістіктер спортын дамыту	4526064
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	11510
	118	Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	96000
206		<i>Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі</i>	43545832
	001	Мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті	323126

